



"URKER MITES" зияткерлік орталығы ұйымдастыруымен "Гиппократ" Республикалық олимпиадасында студенттердің бойында білімге деген қызығушылық пен талпынысты қалыптастырған үшін А.Б. Айдралиева Алғыс хатпен студенттері Дипломмен. III-орын Камчибеков А., II-орын Абдрейимова А., белсене қатысқаны үшін Ахметова Е. Алғыс хатпен марапатталады.

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі ұйымдастыруымен "Әлеуметтік гуманитарлық пәндер" ПЦҚ аптылығы аясында "Тарих білгірлері" тақырыбында өткен қалалық білгірлер арасындағы интеллектуалдық сайысына қатысып II орынды иеленген "Нұр" тобы жетекшісі М.Ж.Жакипова Дипломмен марапатталды.

19.11.2018 жылы «Бала құқығы адам құқығы» атты онкүндіктің аясында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» және студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында студенттер (ұлдар, қыздар) арасында дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Ж.Ш. Ибраев үстел теннисінен жарыс өткізді. Жарыс нәтижесі бойынша: Ұлдар арасында – I орынды 110 топ студенті Е.Тұрсыналы. II орынды 107 топ студенті Ә.Забикулло. III орынды 105 топ студенті Ә. Қабылов. Қыздар арасында -I орынды 101 топ студенті Г.Әбдіқұл. II орынды 109 топ студенті Б.Абуиса. III орынды 110 топ студенті А.Ахубаева иеленді.

01-25.11.2018 ж аралығында №2 «Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндер» ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен I курс білімгерлер арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейік» атты қабырға газет сайысы өткізілді. Бас жүлде 101 топ, I орын 106 топ, II орын 107,110 топ, III орын 102,103,108 топтар грамотамен марапатталды. Белсенді қатысқан топтар 105, 111.

22.11.2018 ж. «Бала құқығы – адам құқығы» атты онкүндіктің аясында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» және студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында студенттер (ұлдар, қыздар) арасында дене шынықтыру пәнінің оқытушылары Б.Е. Сатқынов және Б.А. Нұрғабылов тоғызқұмалақ, дойбы және шахматтан жарыс өткізді. Жарыс нәтижесі тоғызқұмалақ бойынша: Ұлдар арасында – I орынды 101 топ студенті Ә. Маулен. II орынды 105 топ студенті Д.Тұрсынбай. III орынды 110 топ студенті Е. Тұрсыналы. IV орынды 106 топ студенті Б.Үсенбай. Қыздар арасында -I орынды 105 топ студенті А.Шайтымақ. II орынды 110 топ студенті А. Ахубаева. III орынды 101 топ студенті Ү.Маратқызы. IV орынды 110 топ студенті А.Адиз иеленді. Дойбы ойыны бойынша: Ұлдар арасында – I орынды 105 топ студенті Ә.Қабылов. II орынды 106 топ студенті Б.Үсенбай. III орынды 111 топ студенті Е.Бейсен. Қыздар арасында -I орынды 104 топ студенті А.Тәліпбек. II орынды 111 топ студенті Д.Қасқабай. III орынды 101 топ студенті Г.Әбдіқұл. Шахмат ойыны бойынша: Ұлдар арасында – I орынды 105 топ студенті Т.Ермек. II орынды 109 топ студенті М.Олжабаев. III орынды 110 топ студенті Е.Тұрсыналы. Қыздар арасында -I орынды 106 топ студенті Г.Нұрболат. II орынды 111 топ студенті Г.Урасбекова. III орынды 104 топ студенті А. Тәліпбек.

23.11.2018 ж. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын іске асыру аясында VI облыстық «Студенттік бал - 2018» мерекелік іс шарасына колледжден 2 жұп балдық биледі. С.Серикова Алғыс хатпен марапатталды

9.11.2018 ж. Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі ЖИТС дертінің алдын алу, оның жұғу жолдарын, одан сақтану, қорғана білу және салауатты өмір салтын насихаттауға арналған колледжінің 205-топ және 207-топ студенттерінің қатысуымен флешмоб өткізілді. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева және студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Р. Абдрахманова.

I ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ



28.11.2018ж. 304 топ «Мейіргер ісі» бөлімі студенттерінің қатысуымен «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президент күніне» орай «Тәуелсіз елдің көшбасшысы» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағаты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілді. Бөлім меңгерушісі: Мырзагулова Ж.Б., куратор Қалтаева Г.Е.

Тәрбиелік мақсаты: Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып, Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Елін сүйген, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу. Тәрбие сағатының ашылуы Қазақстан Республикасының Гимнімен басталды. Елбасымызға, Отанымызға, туған елімізге, жерімізге арналған өлең жолдарын үш тілде оқыды. Сондай-ақ, ән-би орындалды. Тәрбие сағаты «Елбасымыздың өміржолы» тақырыбындағы баяндамасымен жалғасты. Н.Ә.Назарбаев туралы бейнетаспа, «Менің балалық шағымның аспаны» кинофильмінен үзінді көрсетіліп, 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне арналған «Мәңгілік ел» әнін хормен аяқтады.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ДИКТАНТ



14.11.2018 ж. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы №27 өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең – кезеңімен көшіру жөніндегі іс – шаралар жоспарына» сәйкес республика бойынша жалпыхалықтық диктант өткізілді. Жалпыхалықтық диктантқа колледж ұжымы және I курс студенттері түгел қатысты.

КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ



«BILIM - ORKENIETU» ұлттық – инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласының 20 жылдық мерей тойына орай білім беру



ұйымдарының директорларының арасында өткен «Үздік директор - 2018» атты сайысқа колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова қатысып, республикалық байқауының жеңімпазы I дәрежелі Дипломмен және төсбелгісімен марапатталды.



«BILIM - ORKENIETU» ұлттық – инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласының 20 жылдық мерей тойына орай білім беру ұйымдарының педагогтарының арасында өткен «Үздік педагог - 2018» атты сайысқа қатысып, колледж оқытушылары Г.Ж.Иманалиева, Ш.Т.Маманова, Д.Қ. Назар, I дәрежелі Дипломмен, төсбелгісімен марапатталды.

I ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

• ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ДИКТАНТ

• КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ

• АШЫҚ САБАҚ

• АШЫҚ ТӘЖІРИБЕ САБАҒЫ

• ТӘРБИЕ САФАТЫ

• АШЫҚ ҮЙІРМЕ ОТЫРЫСЫ

• ҚӘСБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ

• ЖӘРМЕНКЕ

• АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

• ІССАПАР

• ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АПТАЛЫҚ

• ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ АЙЛЫҒЫ "БАЛА ҚҰҚЫҒЫ-АДАМ ҚҰҚЫҒЫ" ОН КҮНДІК

• "АСТАНАҒА 20 ЖЫЛ" МҰРАЖАЙ БАЙҚАУЫ

• ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

• ҚЕЗДЕСУ

• "ТИІМДІ ТАМАҚТАНУ" АЙЛЫҒЫ

• ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ

• ЭКСКУРСИЯ

• ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

• ФЛЕШМОБ



«Bilim-orkeniety» - ұлттық - инновациялық ғылыми зерттеу орталығы ҚРБҒМ Ғылым комитеті, Мемлекет тарихы институты Астана қаласының 20 жылдығына орай білім беру ұйымдары арасында өткен «Үздік тарихшы - 2018» атты республикалық байқауының жеңімпазы **Ғ.А.Сыздыкова** I дәрежелі Дипломмен, төсбелгісімен марапатталды.



АШЫҚ САБАҚ

28.11.2018ж. Оқытушы Ж.Ш. Шарипова шет тілі пәні бойынша «Мейіргер ісі» 107 топпен «Art of Kazakhstan. Degrees of comparison of adjectives» атты тақырыпта ашық сабақ өткізді.



АШЫҚ ТӘЖІРИБЕ САБАҒЫ

5.11.2018ж. Оқытушы А.С.Оңгарбаева «Мейіргер ісі негіздері» пәнінен «Клизмалар: тазарту және сифонды, майлы, гипертониялық, дәрілік» тақырыбы бойынша 304 топ студенттерінің қатысуымен ашық тәжірибелік сабақты өткізді. Сабақтың мақсаты - студенттерге клизма түсінігін, клизма қою мақсаттарын, клизма түрлерін, тазарту және сифон, майлы, гипертониялық, дәрілік клизмаларын қою көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін, медбике мен пациентті емшараға дайындауды үйрету болды.



ТӘРБИЕ САҒАТЫ

29.11.2018ж. «Мейіргер ісі» бөлімі 205 топ кураторы Р.К. Тұрсынбаева Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша «ЖИТС – XXI ғасыр дерті!» тақырыбында бөлімшілік тәрбие сағаты өткізілді.



АШЫҚ ҮЙІРМЕ ОТЫРЫСЫ



05.11.2018 ж. «АИТВ/ЖИТС жұқпасының алдын алу» тақырыбында «Микробиология» пәні бойынша «Микробтар әлемі» және «Жұқпалы аурулар» пәні бойынша «Инфекционист» үйірме жетекшілері Н.А.Касымов, М.Қ. Жасұзақ бинарлық ашық отырысын жақсы деңгейде өткізді.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ



23.11.2018 ж. Жоспарлы түрде Жамбыл ауданы ауылдарын аралап, мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді. Іс-шараға кәсіптік бағдар беру маманы Артықова Л. мен колледж оқытушылары қатысты. Олар Амангелді ауылында: «Амангелді атындағы орта мектебі», Шөлдала ауылында «№55 орта мектебі» және «№59 орта мектебі», акт залдарында 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді.

ЖӘРМЕНКЕ

16.11.2018 ж. «Жамбыл облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігі болашақ талапкерлерді Университеттердің мамандықтары және бағыттарымен таныстыру, оқитудың және одан әрі жұмысқа орналастырудың мүмкіндіктері мен перспективаларын анықтау мақсатында «Алтын мұрагер» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «ҚР-ның жоғары білім беру мекемелеріне арналған Білім жәрмеңкесін» өткізді. Аталмыш жәрмеңкеге колледждің жастардың кәсіптік білім алуына кәсіби бағдар беру және түлектерді жұмысқа орналастыру маманы Л.А. Артықова және оқытушылар Ералиев М.Л., Джантасова Р.О., Джунисбекова С.Ш., Абилова А.Е. жетекшілігімен 411, 423, 426 топтардан 80 студент белсене қатысты. Жәрмеңке Тараз қаласы, Жамбыл облыстық қазақ драма театрында өткізілді. Студенттеріміз бұл жәрмеңкеде еліміздің түкпір-түкпіріндегі жоғары және орта арнаулы оқу орындарымен, мамандықтар тізімімен танысты.



«ТИІМДІ ТАМАҚТАНУ» АЙЛЫҒЫ

20.11.2018 ж. №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру циклдік әдістемелік комиссиясының «Тиімді тамақтану» айлығына орай Жантохова Г.Н. студенттерге дәріс сабақ өткізді.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ



16.11.2018 жылы «Халықаралық студенттер күніне» орай колледжіміздің студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Р. Абдрахманова және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б. Уркимбаеваның ұйымдастыруымен «Қызықты көңіл, студенттік өмір» тақырыбында құттықтау-концерт өткізілді. Мақсаты: студенттер күнімен студенттерді құттықтау, жақсы көңіл-күй сыйлау арқылы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Концертке 2018-2019 жылы қабылданған 1,2 курс студенттері қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Әр түрлі ойындар ойнатылып, сыйлықтар табысталды. Концерт соңы бір сағаттық би кешіне ұласты.

ЭКСКУРСИЯ



01.11.2018ж. ЖШС «Super-Pharm» ғимаратында экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсияға колледждің «Фармация» мамандығы бойынша білім алатын 99 студенті қамтылды. Фармацевтикалық пәндер оқытушысы А.К.Серкебаева жетекшілігімен студенттер өндіріс құрылымымен, ерекшеліктерімен танысып, болашақ мамандықтарының қыр-сырын түсіне бастады. ЖШС «Super-Pharm» тарапынан белгіленген маман студенттерді қызықтыратын сұрақтарға жауап берді.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

07.11.2018 ж. Колледжінің студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Р. Абдрахманова және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б. Уркимбаеваның ұйымдастыруымен 2018-2019 оқу жылында түскен I-II курс білімгерлері арасында «Рухани жаңғыру»

тауған жер тұтастығы мен ел болашағы» тақырыбында «ШАБЫТ» байқауы өткізілді. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізілді. Мәнерлеп оқу, вокал, хореография, аспапта ойнау, флеш-моб. Байқаудың қорытындысы: «Мәнерлеп оқу» номинациясы бойынша: Бас жүлде – «Мейіргер ісі» бөлімі, 104-топ студенті Ж. Амангелді.



I орын – 102-топ студенті А. Серікбаева.
II орын – 107-топ студенті А. Отарғали. 101-топ студенті Н. Қалдыбаева.
III орын – 111-топ студенті Б. Мадиярбек және 219-топ студенті Д. Төрөкүл.
«Вокал» номинациясы бойынша:
Бас жүлде – 106-топ студенті Ж. Жақсыбек.
I орын – 219-топ студенті А. Русланқызы.
II орын – 101-топ студенті Д. Сүгірбай. 104-топ студенті Ә. Жамалбек және Ә. Жамалбек.
III орын – 108-топ студенті И. Мамедова және 110-топ студенті Г. Кененбаева.
«Хореография» номинациясы бойынша:
Бас жүлде – 109-топ студенті А. Наурызбай.
I орын – 219-топ студенті Н. Тұрарова.
II орын – 217-топ студенттері және 106-топ студенттері.
III орын – 102-топ студенттері және 104-топ студенттері.
«Аспапта ойнау» номинациясы бойынша: I орын – 105-топ студенті Б. Молдабек және 106-топ студенті А. Сейітжанова.
«Флешмоб» номинациясы бойынша:
I орын – 104-топ студенттері.
II орын – 101-топ студенттері.
III орын – 102-топ студенттері

15.11.2018ж. Құқық бұзушылықтың құрбандарына арналған арнайы қызметкердің сапасын арттыру және жетілдіру жұмыстары бойынша «Отбасы мен гендерлік теңдіктің мүдделерін қорғауға арнайы әлеуметтік қызметтерді ұсыну» атты семинарға колледждің әлеуметтік педагогы: Буксукбаева А.А. мен колледж психологы: Оскенбаева А.Н. қатысып сертификатқа ие болды.





«АСТАНАҒА 20 ЖЫЛ» МҰРАЖАЙ БАЙҚАУЫ

19.11.2018 жылы облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Астанаға 20 жыл» тақырыбында мұражай байқауы өткізілді. Осыған орай комиссия мүшелері: қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Чикалина Людмила Ивановна мен қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Крыгин Александр Иванович Жамбыл медициналық колледжінің мұражайында болып, тарихи жәдігерлермен танысып қайтты. Колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л. Т. Қуанышбекова ардагерлерге алғысын білдіріп, естелік ретінде колледждің 80 жылдық мерейтойына арналған «Тарихы терең, келешегі кемел білім ордасы» атты кітабын сыйға тартты.

19.11.2018 жылы облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Астанаға 20 жыл» тақырыбында мұражай байқауы өткізілді. Осыған орай комиссия мүшелері: қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Чикалина Людмила Ивановна мен қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Крыгин Александр Иванович Жамбыл медициналық колледжінің мұражайында болып, тарихи жәдігерлермен танысып қайтты. Колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л. Т. Қуанышбекова ардагерлерге алғысын білдіріп, естелік ретінде колледждің 80 жылдық мерейтойына арналған «Тарихы терең, келешегі кемел білім ордасы» атты кітабын сыйға тартты.

ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

25.11.2018 ж. күні Жамбыл медициналық колледжінде Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты кезекті жолдауын және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын насихаттау мақсатында облыстық пікірсайыс турнирі өткізілді. Облыстық турнирге Жамбыл облысының жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері шақырылды. Тараз қаласынан М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжі, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі, Жамбыл экономика және ақпараттық технологиялар колледжі, Тараз политехникалық колледжі, Астана көпсалалы колледжінен пікірсайысшылар қатысты. Турнир барысында Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бойынша эссе жазу байқауы мен түрлі ойындар ұйымдастырылды. Ойын қорытындысы бойынша I орын-Сауқымбек И., Дүйсени Ж. (Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжі), II орын-Кенес

25.11.2018 ж. күні Жамбыл медициналық колледжінде Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты кезекті жолдауын және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын насихаттау мақсатында облыстық пікірсайыс турнирі өткізілді. Облыстық турнирге Жамбыл облысының жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері шақырылды. Тараз қаласынан М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжі, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі, Жамбыл экономика және ақпараттық технологиялар колледжі, Тараз политехникалық колледжі, Астана көпсалалы колледжінен пікірсайысшылар қатысты. Турнир барысында Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бойынша эссе жазу байқауы мен түрлі ойындар ұйымдастырылды. Ойын қорытындысы бойынша I орын-Сауқымбек И., Дүйсени Ж. (Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжі), II орын-Кенес

Р., Құсбек Е., (Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжі), III орын-Сатов Н., Сауранбаев Б., (ТарГУ), «Үздік спикер»- Сауқымбек Б. (ТарГУ), «Үздік төреші»- Сәбит Е. (Жамбыл гуманитарлық колледжі), Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бойынша эссе жазу байқауынан I орынды Кемалов Б. (ТарГУ) иеленді. Сондай-ақ турнир арасында ұйымдастырылған сергіту ойындарының жеңімпаздарына Алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсырылды.

КЕЗДЕСУ

12.10.2018 ж.«Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты қыздар жиналысы өтті. Жиналысқа арнайы мамандар шақырылды: ИБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы полиция капитаны: М.А. Юсупова, ИБ ЖПҚ ЮПТ полиция майоры: Ш.Ш. Юсупова, дәрігер нарколог: А.А. Ниязалиева, «Жастар ресурстық орталығы» аға инспектор, психолог: Г.Т. Карсабекова және «Елу жылда ел жаңа» қоғамдық бірлестігінің мүшесі: Ш.Б. Сүйімкүл және колледж қыздарының ата – аналары қатысты. Қыздарға арнайы жасалған жадынамалар таратылды.



20.11.2018 ж. «1 Желтоқсан Бүкіл әлемдік СПИД-ке қарсы күрес күніне» орай, салауатты өмір салтын қалыптастыру комиссиясының төрайымы Г. Токкулиеваның ұйымдастыруымен, Жамбыл облыстық жұқтырылған имун тапшылығы синдромының алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығы АИТВ инфекциясының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің меңгерушісі Перзадаев Рамиль Оспанович және профилактика бөлімінің педагогі Жакенова Рахима Хабиевна «Әлемдегі эпидемиологиялық ахуал» тақырыбында 202, 206, 209 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ



12.11.2018-15.11.2018 күндер аралығында техникалық шығармашылық орталығы оқушыларының шақыртылуымен «Ашық есік күні» өткізілді. Орталықтан жетекшілерімен бірге 38 оқушы қатысты. Оларға білікті оқытушыларымыз ғимараттағы кәсіптік пәндер бойынша оқу кабинеттерін мен симуляциялық құрылғылардың жұмысы таныстырылды. Сонымен қатар, оқушылар колледжде оқытылатын мамандықтар, оқуға түсу бойынша талаптар түсіндіріліп, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бойынша ақпарат ұсынылды. Оқытушылар өздерін қызықтыратын сұрақтарына барынша толыққанды жауап алды. Жетекшілер мен оқушылар қолына кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша ақпаратты қамтамасыз ететін көрнекі брошюралар ұсынылды.



20.11.2018 ж. БЖЗҚ-ның облыстық филиалында «БЖЗҚ барлық салымшыларға қолжетімді» тақырыбында өткен ашық есік күніне Жамбыл медициналық колледжінің «Фармация» бөлімінің 430, 431, «Мейіргер ісі» бөлімінің 216 топ студенттері және фармацевтикалық пәндер оқытушылары Фирсенко Е.Л, Ахметова У.М, Бексейіт Ж.Қ қатысты. Ашық есік күні тұрғындардың сенімдерін арттыру мақсатында өткізілді. Бұл күні барлық Қазақстандықтар БЖЗҚ филиалдарына келіп, республикамыздың зейнетақы жүйесіне қатысты сауалдарына жауап ала алады.

ІССАПАР

15.11.2018 ж. Колледж директорының оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова, ақпараттық технологиялар орталығының меңгерушісі И.А. Ерлепесовна Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Шымкент қаласы білім басқармасы ұйымдастыруымен «Техникалық және Кәсіптік Білім Беру Жүйесі» атты семинар – кеңеске қатысты.



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АПТАЛЫҚ



19 – 25.11.2018 ж. Психологиялық қызметтің жылдық жоспарына сәйкес «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» атты психологиялық апталық өткізілді. Апталықтың бірінші күні «Бір – бірімізге жақсы көңіл – күй сыйлай білейік» акциясынан басталды. Мақсаты – қағаз бетіне жақсы тілектер, лебіздер жазылды, көтеріңкі көңіл – күйлерімен бөлісті және қағаз бетіне әр студент «Өмір» сөзінің терең мағынасын түсініп, өмірде түрлі болатын жағымды, жағымсыз сезімдерді шешуге болатынын түсініп, өз ойларын қағаз бетіне түсірді.

19.11.2018ж. «Біздің колледжде болса деймін» тілектер мен ұсыныстар кітабы ұсынылды. Бұл кітапта студенттер өз пікірлері мен ұсыныстарын жазды. Бұл кітап әр топқа берілді. Апта соңында тілектер мен ұсыныстар қарастырылып, нәтиже шығарылды. «Біздің колледжде болса деймін» тілектер мен ұсыныстар кітабында төмендегідей ұсыныстар жазылды:

- Үлкен асхана болса және тағамдары кол жетімді бағада болса дейміз;
- Киім шешетін арнайы орындар болса және гардероб болса;
- Топ жетекшілер бізді жиі қадағалап тұрса;
- Түрлі байқаулар болса (мамандыққа байланысты, қоғамдық іс-шаралар);
- Әжетхананың жеке есіктері болса дейміз;
- Оқытушылар әр баланың жанын түсініп, қолдау көрсетіп, дұрыс бағалап, дұрыс қарым-қатынас жасап, өздерін ұстай білсе (жанға тиетін ауыр сөз айтылмаса, киімге қарап емес, білімді бағаласа);
- «Орыс тілі», «ағылшын тілі» пәндерінен жеңілдіктер болса дейміз;
- Топты өз тіліне қарай дұрыс бөліп, сол тілде сабақты меңгерсек;

«Жақсылық шуағын, шашайық» атты тақырыпта колледжде есепте тұрған, тест нәтижесінде анықталған студенттерге кеңестер беріледі.

20.11.2018ж.«Татулық – достық кепілі» тақырыбында студенттерге арналған студенттерді жан – жақты болуға, адамгершілікке, тура және адал ойлауға үйрету тренингі өткізілді. Тренингте студенттер өз ойларымен ашық бөлісе білді.





21.11.2018ж. «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» атты наркопост бекетімен бірлесе отырып, «Сені сындырмай тұрғанда, темекіні сындыр» тақырыбында студенттерге арналған дәріс өтілді.

Жауаптылар колледж психологтары: А.Н. Оскенбаева мен Н.Е. Мұхамодиева, наркопост бекетінің төрайымы: Г.Е. Қалтаева. Шақыртылған маман дәрігер нарколог: А.А. Ниязалиева. Студенттерге темекінің адам өміріне қаншалықты зиян екенін бейнероликтер арқылы көрсете білді және түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Студенттер тарапынан сұрақтар қойылды және арнайы шақыртылған маман толық әрі мысалдар арқылы жауап бере білді.



21.11.2018 ж. «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» атты 1 курстар арасында «Он саусағынан, өнер тамған жас өнерпаздар» көрмесі өтілді. Өнерпаздар төмендегідей марапатталды: Бас жұлдемен 109 топ, 101,110 топтар I-ші орынмен, 106, 111 топтар II-ші орынмен және 103, 108 топтар III орынмен марапатталды. Қалған топтар белсене қатысқаны үшін марапатталды.



22.11.2018 ж. «Мейірімділік – жылылық шуағы» тақырыбында ата – аналар және қамқоршы – қорғаншылардың қарауында студенттермен тренинг өтті. Жауапты: әлеуметтік педагог Б у к с у к б а е в а А . А . Мақсаты: қамқоршы – қорғаншылар мен ата – аналарды және бала арасындағы дұрыс қарым – қатынасты орнату, балаға дұрыс жолды бағыттау білуі, отбасында жақсы психологиялық ахуалды сақтай білу.



23.11.2018 ж. «Бала құқығы – адам құқығы» атты онкүндіктің аясында «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Бақытты ата – аналардың балалары да бақытты!» атты ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысты колледж директорының тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.Қ.Мейрманова ашып, «Бала құқығы – адам құқығы» атты онкүндіктің аясында колледж тарапынан өткізіліп жатқан бірқатар жұмыстарын колледж директорының құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б.Усенов айтып өтті.

Жиналысқа қатысқан Жамбыл облысы ПД ЖПҚ ЮПБ бастығы, полиция полковнигі Қ.Ж.Қалжанов «Бала. Құқық бұзушылық және жауапкершілік» тақырыбында ақпараттық, түсіндірме жұмыстарын жүргізсе, Жамбыл облысы ПД есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының бөлім бастығы, полиция майоры Қ.Ш.Белгібаев облыс көлеміндегі атқарылған жұмыстар жайында баяндап өтті. Ата-аналар комитетінің төрайымы Э.Ш. Қалтаева ата-аналарға ұл-қыздарын үнемі қадағалап отыруды баса айтты.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ АЙЛЫҒЫ «БАЛА ҚҰҚЫҒЫ-АДАМ ҚҰҚЫҒЫ» ОН КҮНДІК

02.11.2018 ж. Колледж директорының құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р. У с е н о в т ы ң ұйымдастыруымен, «Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы» аясында колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жаксығұлов Арслан Нурланұлы және ЖРО ұйымдастыру секторының жастар ісі жөніндегі инспекторы Темірханов Нұрым Серікұлы колледж студенттерімен кездесіп, «Қоғам және жастар» тақырыбында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

16.11.2018 ж. Колледж директорының ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ТЖ басқармасының инженері АҚ аға лейтенанты Хамза Заңғарбек Бақтиярұлы және Тараз қаласы ТЖ басқармасының инженері АҚ лейтенанты Айтжанов Алиасқар Нухматуллаевич «Өрт қауіпсіздік ережелері және улы газбен уланудың алдын алу» тақырыбында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

19.11.2018 ж. «Бала құқығы – адам құқығы» атты онкүндіктің аясында, колледж директорының ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ТЖ басқармасының инженері АҚ аға лейтенанты Хамза Заңғарбек Бақтиярұлы және Тараз қаласы ТЖ басқармасының инженері АҚ лейтенанты Айтжанов Алиасқар Нухматуллаевич «Өрт қауіпсіздік ережелері және улы газбен уланудың алдын алу» тақырыбында 2-3 курс студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



22.11.2018 ж. «Бала құқығы – адам құқығы» атты онкүндіктің аясында, 1 курс студенттері, қыздардың құқық бұзушылыққа бой алдырмау, алдын алу және полиция қызметкерлерінің жұмыстарымен танысу мақсатында, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен Жамбыл облыстық ПД мұражайына колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы барып қайтты. Мұражай басшысы Зияутдинова Гульчехра Юсуповна колледж студенттеріне халық қаһарманы Ғ. Байтасовтың ерлігі туралы және т.б. көптеген мағлұматтар беріп, бейнеролик көрсетіп, құқық бұзушылыққа жол бермеу, қылмыстың түбі жаза екендігін айтып, жеткіншектерді бұзақылық жасамауға шақырды.



23.11.2018 ж. «Бала құқығы – адам құқығы» атты онкүндіктің аясында және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Болашағымыз бірлікте!» жайдарман ойыны өткізілді. Ойын барысында 102 топ «Балмұздақтар», 104 топ «ПӨҚ», 105 топ «Бес саусақ бірдей емес», 106 топ «Орда», 107 топ «Тәлпіш қыздар» және 109 топ «Регион 08» командалары әдемі эзилдерін көрермендерге ұсынды.



25.10.2018 ж. Колледж директорының құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы» аясында ЖРО ұйымдастыру секторының жастар ісі жөніндегі инспекторы Темірханов Нұрым Серікұлы колледж студенттерімен кездесіп, «Есірткі – адамның қасы, аурудың басы!» тақырыбында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



27.11.2018 ж. «Бала құқығы – адам құқығы» атты онкүндіктің аясында «Түнгі қаланың балалары» тақырыбында кәмелетке толмағандарды бейімдеу



орталығының мамандары Н. Сейтжапарова мен Ә. Шайнусовалар колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



27.11.2018 ж. Жамбыл облыстық білім басқармасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша Тараз қаласындағы колледждер мен мектеп директорларының құқықтық тәрбие жөніндегі орынбасарларының қатысуымен құқықтық кеңес өтті.



28.11.2018 ж. Тараз қалалық прокуратурасының бөлім аға прокуроры, II сыныпты заңгер Альмаханов Еркін Жұмаханұлының қатысуымен «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбындағы онкүндіктің аясында «Қылмыс соңы-жаза» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында құқықтық білім беру мектебінің жетекшісі Д. Амирбеков және бірқатар колледж студенттері баяндама жасап, бейнероликтер көрсетіліп, Еркін Жұмаханұлы колледж студенттерін құқық бұзушылыққа бой алдырмауға шақырды.

29.11.2018 ж. «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбындағы онкүндіктің аясында, колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жаксығұлов Арслан Нурланұлы және «Болашақ» ҚБ төрайымы Калиева Галина Зенуллаевнаның қатысуымен адам саудасына байланысты «Сенің білімің – сенің қауіпсіздігің» тақырыбында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



29.11.2018 ж. «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбындағы онкүндіктің аясында, «Қоғамдағы, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында Тараз қ. ПБ Әйелдерді зорлық-зомбылықтың қорғау тобының қызметкерлері, полиция майорлары А.Б.Мусаева, Ж.М.Кутубаева және Тараз қ. ПБ ЮПТ аға инспекторы, полиция майоры К.А.Садырова колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.